

Ұстаз – саған мың алғыс!

(Мерекелік іс-шара)

Орындаған: мектеп тәлімгері Ержанова Б.А

Қызылорда қаласы

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: Ұстаз – саған мың алғыс!

Жас Ұландар шығады

М — мейірімді

Ұ — ұлағатты

Ғ — ғазиз

А — ақылшы

Л — лайықты

І — іскер

М — маман мерекелеріңіз құтты болсын! (бәрі бірге)

1 — оқушы:

Сәлем бердік ұстаздар баршаңызға,

Сіздермен тола берсін ортамызда.

Бүгінгі ел басқарған азаматтар,

Білім алған сіздердің арқаңызда.

2 — оқушы:

Бүгінгі күн құшақтарың гүлге толсын,

Дендеріңнің саулығы мықты болсын.

Білімменен суарған шәкірттерің,

Төл мерекең ұстаздар құтты болсын!

3 — оқушы:

Ұстаздарым биік тұлға байсалды,

Құшақ жайып өз мерекең қарсы алды.

Қуанышты жарқын тілек білдіріп

Құттықтаймыз, ұстаздарым баршаңды.

4 — оқушы:

Ұлы өмірге жетелеп,

Ашқан білім есігін

Құрметтейік мәпелеп

Ұстаздардың есімін.

5 — оқушы:

Келешекке алтын бақ,

Қосар таудай үлесін.

Жасай берсін жарқылдап,

Ұстаз атты ұлы есім.

6 — оқушы:

Ұстазыңды түсінген сен тереңнен

Бар әлемге еңбегімен еленген.
Сенің бағың өрге қарай өрлесе,
Ол да бірге қуанышқа кенелген.

7 — оқушы:

Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,
Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып.
Ұстаз деген – ұлылардың ұлысы,
Қасиетіне бас иейік мәңгілік!

1-жүргізуші: Міне, жадырап жаз өтіп, алтын күз де келіп жетті. Табиғаттың осы бір жыл мезгілін әркім-ақ сыңғырлаған жез қоңырау үнімен, мектептегі мұғалімдер мен оқушылардың қарбалас, сағыныса табысқан қуанышты сәттерімен елестетеді. Жаңа оқу жылымен қатарлас келетін Мұғалімдер күні де күздің үлесіне тиіпті. Мектеп қабырғасынан әлдеқашан алыстап кетсе де, бойында жылуы бар әрбір парасатты азамат әліп үйретіп, білім теңізіне жетелеген ұстаздары мен балалық шағының талай қызықты күндеріне куә болған алтын ұя – мектебін әрдайым үлкен сағынышпен, құрметпен еске алып отырады.

Олай болса, мұғалім бақыты – шәкірт құрметі.

2-жүргізуші: Құрметті ұстаз қауымы! Сіздерді қазан айында аталып өтетін Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің бала көңілдеріңіз әр оқушының жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Мұғалімнен өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады. «Мектептің жүрегі», «Бала жанының бағбаны»... Иә, бұл мектеп мұғалімі — ұстазға арналған теңеулер. Мұндай мадақтауларды жалғастыра берсек, даналық сөздер тізбегі шексіздікке ұласады. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз

Бүгінгі кешімізді ашып беру үшін мектебіміздің директоры Байжанов Жасұлан Махмұдұлына беріледі

1 - жүргізуші:

Нұрислам, Бүгін бізде үлкен мереке. Бүгін ұстаздар қауымының төл мерекесі. Олай болса бүгінгі күн ұстаздарымызға арналмақ. Күн сәулесі өмірге қандай жарық берсе, ұстаз есімі де шәкірттерге күндей жарық береді.

2 - жүргізуші:

Ұстаз, ұстаз!!!

Осы сөзде жатыр қанша ұлылық,

Осы сөзде таусылмайтын жылылық.
Әль — Фараби, Ыбырай мен, Ақаңды
Осы сөз ғой қойған бізге ұлы — қып.
Ұстаз шебер қисықтарды жөндейтін,
Тентектерді ақылмемен емдейтін,
Болса дағы малға кедей өмірде.
Бар байлығым шәкірттерім сен дейтін!

1 жүргізуші Ән :Айғаным мен Інкар «__Ұстаздар__»

2 - жүргізуші: Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім — тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт — бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Күй 7 сынып оқушылары Еңлік пен Ердаулет «Келіншек»

1 - жүргізуші:

“Ұстаздық — ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді.

Олай болса, аяулы ұстаздарымыздың қадіріне жетіп, ардақтай білейік достар!

2- жүргізуші: Тәтті әуен бағаланса, балдан нәрі, Өнердің асулары алда әлі.

8 сынып оқушылары Диана мен Мерейлінің «Ұстазым» әні

1- жүргізуші

Айта берсек ұстазға тіл жетпеген.

Кімге ұстаз білім нәрін төкпеген?!

Айтыңдаршы, адам бар ма Өмірде,

Ұстаздарға қарыздар боп өтпеген?

«Флешмоб » биі 9-сынып қыздарының орындауында.

2 - жүргізуші:

Құрметті ұстаздар сіздерді тағы бір мәрте мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Келесі әсем әніміз ардақты ұстаздарымызға арналады қабыл алыңыздар!

8. Хор. «Ұстазым менің ұстазым» (Көңілді әуен, сахнаға барлық оқушылар шығады, олар ұстаздарға біркелкі бас иеді)

1 - жүргізуші: Аса құрметті ұстаздар қауымы, сіздерді тағы да мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтап, сіздерді егеменді еліміздің өрелі де, өнегелі перзенттерін

тәрбиелеуде қажырлы қайрат, еңбектеріңізге жеміс тілей отырып, мың алғысымызды айтамыз.

2-жүргізуші Білім шаңырағы — алтын ұя мектебіміздің шәкірттері еліміздің түкпір — түкпірінде, ел игілігі үшін жемісті еңбек етсін! Келесі кездескенше сау — саламатта болайық.

**5 қазан – Ұстаздар күні мерекесіне арналған «Ұстаз-саған мың алғыс»
тақырыбындағы мерекелік іс - шараның**

Анықтамасы

Ұстаздық өте жауапты мамандық екені баршамызға белгілі. Ол – мектептің де, қоғамның да, ғылымның да, білімнің де, ұлттың да, адамгершілік пен ерліктің де, жақсы мінез бен ақындықтың да нағыз жанды өкілі. Ол – әрі ғалым, әрі шешен, әрі көшбасшы. Ұстаз – мейірім, махаббат, сүйіспеншілік, жанашырлық сезімдерінің көрігі. Ұстаз – білім беру сапасын арттыру саясатын тікелей жүзеге асырушы. Ол – мемлекетімізді құрметтеу жауапкершілігін шәкірттеріне жеткізіп дарытушы. Осы орайда ұстаздар қауымына оқушылар мерекелік ән-билерін, жылы лебіздерін білдіріп, құттықтауларын арнады.



Мектеп тәлімгері



Ержанова Ботагоз